

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

# Құмай дейтін бір құс бар...

Өткен шілде айының алғашқы аптасында кезекті еңбек демалысымызды алып, туған жер, өскен өнір Бай-Өлкеге барған едік. Осы сапарымызда, әдеттегідей аймақ орталығындағы өлкетану музейіне бас сұқтық.

Мекеме қызметкерлерінің айтуына қарағанда аталған музей: Табиғат, Тарих, Этнография бөлімі, Құғын-сүргін, Қазіргі заман бөлімі қатарлы бес құрылымға жіктелген екен. Ал қордағы жәдігерлер саны 5 400 артефактіні құраса, бұлардың 60 пайызы экспозиция төрінде тұр.

Осындағы көрме сөресінен орын алған экспонаттың бірі – құмай құстың тұлсыбы. Көлемі тым алып. Бүркіт оның қасында қарғадай-ақ көрінеді екен. Жайылған қос қанатының ұзындығы – 3,2 метр. Денесінің етін кептіріп тастағандықтан тұлсып қүйіндегі салмағы 5 килодан аспайтын сияқты. Ал википедиялық анықтамалықта үлкен құмайдың салмағы – 7,5-8 кило болады деп жазылты.

Бұл құсты орнитолог-ғалымдар қаршыға тұқымдастар тобына жатқызады. Таулы жерде өмір сүреді. Әсіресе, қазіргі Бай-Өлкек аймағы орналасқан Алтай тауының қолат-қойнауында баршылық. Бұл құсты моңғолдар «Ёл» дейді. Соған байланысты Алтайдың теріскеі Қобда бетінде «Ёлты» (қазақша – Жолты) атаулы құздар көп.

Ал мына музейдегі құмай құс жайлы жазылған ғылыми анықтамалықта: «1960 жылы Делун сұмынның бір азamatы атақты Лақшын кезеңінің арғы бетіндегі Ёлты тауынан ұстап әкеліп тапсырған», деген жалғыз жол жазуғана бар. Реттік саны – 60.434.

Кейін бұл жәдігерді кім тұлыштағаны беймәлім. Бірақ жақсы сақталған. Керілген қос қанаты кереге тәрізді жайылған. Кіреуке жұндері сол қалпы бүтін тұр. Ірге қанаты, ара қанаты және шалғысы сап-сау. Керме иығы мен топшысы сәл қисайғаны байқалады. Қасқа құйрығы, балақ жұні, тұяғы бүтін. Жақсылап қараған адам тұяқ ұстіндегі бұжыр тастанын санай алатындей. Тегеурін, жембасар, сығым, шеңгел салалары көп жыл тұрып қалғандықтан, ептеп солғаны болмаса, қара тұяғы сол қалпы.

Кітапта бұл құс 40 жыл өмір сүреді деп жазылған. Әлемде бұл сияқты биікке ұшатын құс жоқ. Мысалы, бүркіт 4,5 мың метрге дейін биікте самғай алса, құмай 7 500 метр биікке алқынбай көтеріледі. Ұясын 1 700 метрден алса тауға салмайды және жыл сайын ауыстырып тұрады. Шыңжан қазақтарының үлкен ақыны Ақыт Үлімжіұлы (1868-1940) өзінің «Құмай деген бір құс бар» атты толғауында:

«Құмай деген бір құс бар,  
Көк бетінде мекені,

Мағұлым емес адамға,  
Дәл қай жерде екені,  
Жылда бір жерге жақындал,  
Сая салып кетеді,  
Саясы түскен адамзат,  
Шын дәuletке жетеді», –

деп жырлаған екен. Осындағы мәтінде айтылғандай, бұл құстың ұя салар орны мен мекені мағлұм емес және бұл құстың ұясын көрген адам бақытқа жетеді-мыс.

Құмай құс туралы ел арасында аңыз-әңгіме жетерлік. Мысалы, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданындағы Сауыр-Сайқан тауларын қақ жарып ағып жатқан Үйдене өзенінің бойында биік құз жартас бар. Осында алып ұя орналасқан. Ел оны «Құмай ұясы» деп атайды. Жергілікті жұрт «Ұясы осындай үлкен болғанда, құмайдың өзі қандай екен?», деп жұрт таңғалады.

Ел арасында осы ұя туралы мынадай аңыз бар. Ерте заманда Малай деген қойшы болыпты. Бір күні оны қой жайып жүрген жерінен құмай көтеріп әкетіп, биік құз жартастың ішіндегі балапанының қасына әкеліп тастапты. Малай болса балапанмен бірге құс әкеліп берген аң-құстың етін жеп, күн көреді. Шыңыраудан қалай шығудың амалын ойластыра бастайды. Аң мен малдың тарамысын есіп арқан жасайды. Кұз келіп, балапан өсіп жетіледі. Малай балапанның екі аяғына тарамыс арқанды тұсаулап байлайды да, өзі оған асылып жатады. Бір күні енесі есейген балапанын баулып жоғары көтеріледі. Арқанға белінен асылып жатқан Малай да бірге ұшады. Екі құмай қатар ұшып, таудың басына қонады. Малай құстың аяғындағы арқанды шешіп сол жерде қала береді. Құмайлар ұшып кетеді. Осылай бір жаз жоғалып кеткен Малай еліне оралады. Оны көрген жұрт тапқырлығына риза болады. «Малай, тасқа түсуің қалай?», деген мәтел осыдан қалған екен.

Бұл аңыздың өзегінде шындық бар. Өйткені алып құмай ірі қара малдың бүтін жемтігін көтеріп ұша алады. Ұсақ малды сүйегімен қосып жұтып жібереді. Бұл хайуан-құс көбінде сүйек жұтып коректенеді. Ирі қараның үлкен жілігін көтеріп ұшып, 100-150 метр биіктен жердегі тасқа тастап шағып жұтады. Бұл әдіске бала құмай жеті жыл бойы үзбей жаттығады екен.

**Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ**